



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 16 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкінде сараптамалық қоғамдастық өкілдерімен кезекті кездесу өтті

Бүгін Алматыда Қазақстан Ұлттық Банкі өкілдерінің қаржы сарапшыларымен кезекті кездесуі болып өтті, оның барысында реттеушінің ақша-кредит саясатының мәселелері, ақша және валюта нарықтарындағы ахуал, сондай-ақ қаржы реттеушісінің базалық мөлшерлемені **9%** деңгейде сақтау туралы шешімі талқыланды.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Виталий Тутушкин кездесуге қатысушыларға осы шешімді қабылдаудың алдында қысқа мерзімді модельдің қайта бағаланғандығы туралы айтып берді. «Ағымдағы факторлар инфляция үшін қолайлы болып қалып отыр, алайда орташа мерзімді кезеңде белгілі бір тәуекелдер бар, біз оларды тамыз-қыркүйекте болжамдық раунд жүргізу кезінде барынша жан-жақты бағалайтын боламыз. **Инфляцияның** ағымдағы деңгейі біздің бұдан бұрынғы болжамдарымызға сәйкес қалыптастырылады. Маусымда инфляция 0,2%, ал жылдық көрсеткіш бойынша – 5,4% болды, бұл ағымдағы жылғы 4-6% нысаналы дәлізге сәйкес келеді», - деп хабарлады ол.

Ұлттық Банктің өкілі халықтың **инфляциялық күтулері** азық-түлік тауарлары бағасының өзгеруіне әсері ретінде мамырдағы 4,7%-дан маусымдағы 5,4%-ға дейін өскендігін және нақты инфляция деңгейінде қалыптасқанын атап өтті.

«Теңгенің айырбастау бағамы ішкі бағаларға бейтарап әсер етеді. Құбылмалылыққа қарамастан, теңгенің жыл басынан бері ұлғаюы 0,2%-ды құрады, тиісінше, айырбастау бағамының инфляцияға сіңіп кетуі болмайды», - деп түсіндірді В. Тутушкин.

Ол ішкі сұраныс факторларының тарапынан проинфляциялық қысымның өсіп отыр деп толықтырды. Фискалдық себептерге байланысты инфляциялық тәуекелдер күшеюде. «Республикалық бюджеттегі жақында болған нақтылауға сәйкес шығыстар ұлғайды, бұл сұраныстың кеңеюіне мүмкіндік жасайды және бағаға қысым жасайды. Бірақ неғұрлым дәл әсер етуді біз кейінірек бағалай аламыз», - деді В. Тутушкин.

Ұлттық Банктің өкілі халықтың нақты ақшалай кірістерінің өсуі жалғасып отыр, ол ағымдағы жылғы қаңтар-мамырда 5,5%-ды құрағанын айтты. Сондай-ақ тұтынушылық кредиттеу кеңеюде. Осы жылғы мамырда банктердің тұтынушылық кредиттеу портфелі жылдық көрсеткіш бойынша 14,8%-ға ұлғайды.

«**Сыртқы нарықта** Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы өндіріс көлемінің жоғары болуының және мұнайдың әлемдік қорларының өсуінің нәтижесінде 2018 жылғы орташа алғанда бір баррель үшін 72 АҚШ долларымен салыстырғанда ағымдағы жылдың басынан бері бір баррель үшін 66 АҚШ долларын құрады. ОПЕК+ шеңберінде мұнай өндіруді шектеу жөнінде шілденің басында қол жеткізілген уағдаластық жылдың соңына дейін бағаға қолдау көрсетеді. Алайда мұнай бағасын белгілеудің одан әрі серпіні үшін теріс факторлар Таяу Шығыстағы геосаяси шиеленіс, сондай-ақ әлемдік жетекші экономикалар арасындағы сауда дауларында уағдаластыққа қол жеткізе алмау болып қалады», - деп хабардар етті В. Тутушкин.

Сондай-ақ Ұлттық Банктің өкілі кездесуге қатысушыларға сыртқы монетарлық талаптардың жұмсарғандығы туралы айтып берді. Бұл жайлы АҚШ ФРЖ-ның мөлшерлемелердің бұдан былай неғұрлым төмен траекториясына қатысты риторикасы, сол сияқты ЕОБ-ның экономиканы ынталандырудың қосымша шаралары туралы мәлімдемелері негіз болды.

В. Тутушкин негізгі сауда әріптес елдердегі инфляция қалыпты деңгейде қалыптасып отыр деп қосты. Ресейде инфляция маусымда 4,7%-ға дейін төмендеді. Қытайда маусымда инфляция 2,7%-ды құрады, бірақ нысаналы 3%-дық көрсеткіштен төмен болды. Еуропалық Одақта мамырдың қорытындысы бойынша нысаналы 2% деңгейінде болған кезде 1,6%-ға дейін төмендеу байқалды.

«Осылайша, орта мерзімді перспективада макроэкономикалық талаптарды айқындайтын сыртқы сектордың және ішкі экономиканың тәуекелдер балансы өзгерді. Аталған тәуекелдердің әсерін барынша азайту мақсатында біз ақша нарығында түзетуге бағытталған шараларды іске асыра бастадық», - деп қорытындылады ол.

Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры Ұлттық Банк және Қаржы министрлігі нарықтық тәуекелсіз кірістілік қисығын қалыптастыру бойынша шаралар қабылдады деп хабарлады. Маусымда 6-12 айлық ноттар көлемдердің өсу пайдасына мерзімі 1-3 айлық ноттарды шығару көлемдері қысқартылды. Сол сияқты ақша нарығында өтімділікті алу операциялары бойынша мөлшерлемелер пайыздық дәліздің жоғары шегіне дейін (9-10%) көтерілді.

«Қол жеткізген уағдаластыққа сәйкес Қаржы министрлігі мерзімі 2 жылдан 5 жылға дейін бағалы қағаздарды қайта шығара бастайды. Өтімділіктің құрылымдық профицитін өте тиімді байланыстыру және ақша-кредит саясатының трансмиссиялық тетігін күшейту мақсатында осы жылдың 16 шілдесінен бастап ең төменгі резервтік талаптар механизміне өзгерістер күшіне енеді», - деді В. Тутушкин.

Оның айтуынша, өзгерістер міндеттемелер құрылымы мен банктердің резервтік активтеріне және нормативтер мәндеріне әсер етті. Қазіргі уақытта қолданыстағы міндеттемелер мен нормативтердің 8 түрінің орнына валюталар және міндеттемелер мерзіміне байланысты 4 түрі енгізілуде. Ұлттық валютадағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер үшін нормативтер 2% және 0%, шетел валютасындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелер үшін 3% және 1% құрайды.

«Жаңа нормативтер келешекте долларсыздандыру процесіне және ұлттық валютада, әсіресе ұзақ мерзімді қорландыру процесін ынталандыруға ықпал ететін болады. Сондай-ақ, резервтік активтерді қалыптастыру кезінде ең төменгі резервтік талаптар шамасының елу пайызы мөлшерінде қолма-қол ақша кассасын пайдалануға шектеу қойылады», - деп қорытындылады В. Тутушкин.

Сөз соңында Ұлттық Банктің өкілі халықтың жинақ ақшасының өсуін ынталандыру және банктерді тұрақты әрі орнықты қорландыруды қалыптастыру үшін 2019 жылғы 1 шілдеден бастап, мерзімсіз депозиттер бойынша мөлшерлеменің 10,5%-дан 9,8%-ға төмендеуі кезінде, мерзімді және жинақ депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелердің 12,5% және 13,5% деңгейінде сақталғанын атап өтті. Мерзімді және мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер арасындағы алшақтық халық үшін жинақ депозиттердің тартымдылығын арттыруға және банктер үшін орнықсыз қорландыру құнын төмендетуге бағытталған.

Қаржы нарығының сарапшылары еліміздің қазіргі жағдайы мен қаржы нарығындағы өзгерістер туралы шынайы ақпарат алуға мүмкіндік беретін осындай кездесулерді өткізудің маңыздылығын атап көрсетті.

Қаржы реттеушісінің нарықпен және жұртшылықпен белсенді қарым-қатынасы саясатының аясында Қазақстан Ұлттық Банкінің тұрақты негізде сарапшылармен кездесу

өткізіп тұратынын еске саламыз.

Базалық мөлшерлеме жөніндегі келесі шешім 2019 жылғы 9 қыркүйекте Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефондар бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (5556)

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz